

Saiyn A.S., Sarkynov E., Yakovlev A.A.

PASTURE SOLUTION IN KAZAKHSTAN OF IRRIGATION FROM UNDERGROUND WATER SOURCES IN CONDITIONS OF HIGH MINERALIZATION OF WATER AND SOLIDS CONTENT USING A PUMP SYSTEMS TO OPERATE COMPRESSED AIR ENERGY

Reviewed and presented to solve the problem pasture irrigation in Kazakhstan from underground water sources in conditions of high salinity water and solids content using alternative pumping systems driven by compressed air energy.

Keywords: Water treatment, water flow, pneumatic chamber, the water balance

УДК- 630: 338 48 (574.25)

Санғұлов Е., Абаета Қ.Т., Қожабекова А.Ж.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ІЛЕ-АЛАТАУ МҰТП-дегі ТУРИЗМ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМУ

Аңдатпа

Туризм – бұл өзінің тұрғылықты жерінен басқа жерде болатын, 1 жылдан аспайтын уақытта демалу, іскерлік және басқа да мақсаттарда саяхаттайтын тұлға қызметі.

Туризм әлемдік экономикада басты рөлдің бірін атқарады. Дүниежүзілік Туристік Ұйымның деректері бойынша ол әлемдегі жалпы ұлттық өнімнің оннан бір бөлігін, халықаралық инвестицияның 11 пайыздан астамын, әлемдік өндірістің әрбір 9-шы жұмыс орнын қамтамасыз етеді.

Кілт сөздер: туризм, экспорт, рекреация, турист, сафари, рафтинг, орнитологиялық, треккинг, стандарттау, сертификаттау, лицензиялау.

Кіріспе

Туризмнің қазіргі индустриясы табысы жоғары және серпінді дамып келе жатқан қызмет көрсетулердің халықаралық сауда сегменттерінің бірі болып табылады. Дүниежүзілік Туристік Ұйымның мәліметтері (ДТҰ) бойынша туризм әлемнің өндірістік-сервистік нарық айналымының 10 пайызын қамтамасыз етеді. Туризм сферасына әлемдік ұлттық жиынтық өнімнің 6%, әлемдік инвестицияның 7%, әр 16-шы жұмыс орны, әлемдік тұтынушы шығындарының 11%, барлық салық түсімінің 5% келеді. Бұл сандар туризм индустриясының экономикаға тікелей әсерін көрсетеді [1].

Туризмнен түскен табыс мұнай, мұнай өнімдері және автомобиль экспортының табысынан кейін тұрақты үшінші орында келеді. Әлемдік туристік нарықтық дәстүрлі аудандары өзінің рекреациялық сыйымдылығының шегіне іс жүзінде жеткендіктен, туризмнің өсуі туристер баратын жаңа аумақтар есебінен басым дамиды болды. Осыған байланысты, Қазақстанның әлемдік туристік рынокта өзінің лайықты орнын табуға бірегей мүмкіндігі бар.

Қазіргі туризм еңбекшілерінің жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына шығуымен байланысты болды, мұның өзі адамның демалуға және бос уақытын өткізуге негізгі құқығын тану болып табылады. Ол жеке адамды, адамдар және халықтар арасындағы өзара түсіністікті дамытудың факторына айналады [1].

Соңғы жылдары бүкіл әлемде Қазақстанның туристік бағытына қызығушылық артып отыр, сондықтан көптеген саяхатшыларды тарту үшін Қазақстандық туристік компаниялар көрсеткіштік туристік қызметтер аясын кеңейтіп келеді. Көбінесе Қазақстанға Германия,

Англия, Жапония, Корея, Қытай, мемлекетінен туристер көп келуде. Немістер мен ағылшындар Қазақстанның туристік маршруттарын барлап шыққан. Оңтүстік Қазақстан: экологиялық туризм, таулық, бүркітпен аң аулау, велотуризм, экскурсиялық және тарихи, мінәжат қылу; солтүстік Қазақстан: шаңғы тебу, жаяу, экскурсиялық, альпинизм; орталық Қазақстан: экологиялық туризм–экскурсиялық, су және тарихи туризм. Шығыс Қазақстан: экологиялық, тау, танымдық, су және Рафтинг, экскурсиялық туризм; батыс Қазақстан: экологиялық туризм, су және жаяу, экскурсиялық, тарихи туризм дамыған. Көрсетілген басымдықтарға сәйкес бірінші кезекте игерілетін мынадай аудандар мен тірек орталықтары анықталды: [3].

- 1.Іле (Алматы қ. Түрген а. Есік қ. Қаскелең қ. Ұзынағаш . Қапшағай қ)
- 2.Солтүстік Тянь-Шань (Кеген а. Нарынқол а. Жалаңаш а. Шонжы а. Көлжат а.)
- 3.Жаркент-Талдықорған (Жаркент қ. Көктал а. Басши а. Текелі қ. Талдықорған қ. Жаркент-Арасан курорты.)
- 4.Балқаш (Балқаш көлі. Балқаш өңірі.)
- 5.Солтүстік Жоңғар (Достық а. Алакөл көлінің маңы. Лепсі с. Лепсі өзенінің маңы. Жарбұлақ а. Көктұма а. Сарканд қ. Арасан-Қапал курорты.)
- 6.Жамбыл (Тараз қ. Мерке а.Мойынқұм ауданы)
- 7.Түркістан (Түркістан қ. Тұрбат а. Отырар а. Шәуілдір а. Баба-ата с. Кентау қ. Шаян а.
8. Сайрам- Шымкент (Шымкент қ. Сайрам а. Арыс қ. Шардара қ. Сарағаш қ. Ленгер қ. Ванновка а.).
- 9.Жоғары Бұқтырма (Катон-Қарағай а. Беріл а. Рахманов бұлақтары курорты. Марқакөл көлінің маңы)
- Маңғыстау (Фетисово а. Ақтау қ. Ералиев-Құрық а.п.)

Іле-Алатау табиғаты мынандай ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Табиғи өсімдіктердің орналасуымен, жылылығы мен ылғалдылығы, топырақты өсімдіктері. Іле-Алатаудың табиғи комплексін таулы ландшафтық 3 класқа бөлінеді: аласа жоталы, орта жоталы және биік жоталы. Кластар аумағы таудың орналасуында қабатты тудырады. Ландшафты кластар аумағы бір немесе бірнеше типтермен сипатталады 2800 м биік таулы ландшафты сулы алқапты алып жатыр.

Іле-Алатау Ұлттық табиғи бақтың биологиялық алуан түрлілігіне келетін болсақ, топырақ жабыны Іле-Алатаудың үстіңгі және ортаңғы бөлігіндегі топырақты-биоклиматикалық зонасында биік таулы-жартасты зонасының ұзындығы 3300 м және құздары мен мұздықтары орналасқан. Таулы-шалғынды-далалы зона 1200-ден 2400 м биіктікте таулы-орманмен қоңыр түсті таулы орманды қара-қоңыр түсті жабынмен жабылған. 3 түрлі топырақпен байланысқан. Таулы жоталы және далалы зонасының топырағының түсі қоңыр топырақты және қоңыр – қызғыш түсті.

Түрген филиалының туристік маршруттарының сипаты

- 1) Шыңтүрген мұк басқан шыршалары;
- 2) Ассы – Асусай;
- 3) Батан – патша қақпасы – Жамбас – Ойжайлау;
- 4) Сальников шатқалы Есік орманшылығы;
- 5) Қайрақ сарқырамасы-Батан;
- 6) Синегорье – Жасылкөл;
- 7) Есік өзені;
- 8) Түрген сарқырамалары;
- 9) Төрежайлау-Құмбел асуы.

Біз төменде осы аталған маршруттарда халықтың көп демалатын аймағы Шыңтүрген мұк басқан шыршаларына баратын маршруттың схемасы сипатталған.

1) Шыңтүрген мүк басқан шыршаларының Туристік соқпақтарының сипаттамасы



Сурет – Шыңтүрген мүк басқан шыршаларының сұлбасы

1. Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи парктің Түрген филиалы. Түрген орманшылығы.
2. Шыңтүрген мүк басқан шыршалары.
3. Соқпақтың классификациялық түрі: а) жаяу атпен, б) көктем жаз айларында, в) топтық.
4. Қалың шыршалы ормандар, мүк басқан орындар.
5. Соқпақ ұзақтығы 27 шақырым.
6. Соқпақ жаз айларында жұмыс істейді.
7. Топ 10-15 адамнан аспауы керек, күніне 5 топ қабылдауға болады.
8. Көктем кезінде жануарларды мазаламау үшін туристік топты қабылдау азайтылады.
9. Адамдардың техникалық қауіпсіздігіне байланысты соқпақ тек қана экскурсоводпен бірге жүру қажет. Соқпақта жол көрсеткіштері орнатылған. Көктем-жаз кездерінде кенеден сақтану үшін ыңғайлы киім киюі қажет.
10. Экскурсия кезінде соқпақтан шығып кетуге, темекі тартуға, жар тасқа шығуға тыйым салынады.
11. Жабайы аңдар, жыландар кездесуі мүмкін. Судан өткенде байқап абайлау керек
12. Соқпақтың схемасы тіркелген.
13. Таңғаларлық таңғажайып табиғат.
14. Қалың шыршалы ормандар, Сарқырап ағып жатқан мөлдір су. Шыңтүрген мүк басқан шыршалар 1968 ж. бастап табиғи ескерткіш болып табылады. 900 гектар аймақты алып жатқан терең сайға күн сәулесіде түспейді. Сонау мұз дәуірінен сақталып қалған жерлер 40 см мүк астында тоң қабатында жатқан шырша тамырлары осы уақытқа дейін зерттелуде. Қалың орманда көптеген жануарлар мен құстарды кездестіруге болады. Мысалы: Қоңыр аю, ілбіс, марал, тау-текелер, қабан шошқа, елік, бүркіт, құмай, көк құс тағы басқалар.
15. Құлаған қарағайлардан өткен кезде олардың шіріген жерлерін баспауы қажет, қалың шөпте байқап аяқ астына қарап жүру керек. Жауын шашын көп болады.

16. Өзімен бірге ыңғайлы жауынға қарсы киім, тамақ, туристік арқандар алуы керек.

17. Соқпақтың басында және аяғында шатырлар, жол барысында – жол көрсеткіштері демалыс орындары – орындықтар мен ошақтар жасалған.

Қазақстандағы туризмнің қазіргі жай-күйі және оны дамыту жолдары. Қазақстандағы туризмнің тарихи алғы шарттары біздің (з.б.) үшінші мың жылдықта қалыптаса бастаған Ұлы Жібек жолының қалыптасуы мен дамуы болып табылады.

Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін туризм басқа да экономика салалары сияқты орталықтан қатаң шектелді. Туристік қызметтегі КСРО-ның негізгі аймақтары Кавказ, Қырым, Балтық өңірі, Ресейдің, Орта Азияның тарихи орталықтары болды. Қазақстанда туризм өндірісінің дамымай қалмауының бір себебі экономика саласы ретінде онымен мемлекеттік деңгейде тікелей айналыспады. Туризмді аумақтық ұйымдастыру және мемлекеттік емес туристік құрылымдарды кешенді болжауға, ұзақ мерзімді жоспарлауға назар аударылмады [5]. Туризм табысының үлкен бөлігі жергілікті бюджетке түсетіндігіне қарамастан, жергілікті басқару органдарының тарапынан туристік қызметті басым деп танымауы саланы дамытудың тежеуші факторы болып табылды.

Халықаралық туристік нарық бүгінгі күні миллиардтаған айналымы және қатаң бәсекелестікте орасан зор механизмді білдіреді, сондықтан, бірінші кезектегі міндет Қазақстанға ғана тән ерекшелігі бар және сұраныста болатын туристік өнімді анықтау болып отыр. Соған байланысты рыноктың қандай сегменттерінде қазақстандық турөнімнің жарқын болашағы бар екені көрінетін болады.

ДТҰ-ның ұсынымдарын ескере отырып жүргізілген талдау мен қазіргі тәжірибенің негізінде, қазақстандық турөнімнің екі базалық құрамдас бөлігін баса көрсетуге болады: Жібек жолы бойындағы мәдени туризм (зиярат ету және дәстүрлі) және онымен тығыз байланысты экооқиғалы туризм (сафари, рафтинг, орнитологиялық, треккинг, аңшылық, балықшылық). Бұл ретте экооқиғалы туризм үшін Жібек жолы бағытымен өтетін ресурстары бар аймақтарды: Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақмола облыстарын атап өткен орынды.

Туризмді дамыту саясатының негізгі мақсаты мен қағидалары. Туризмді дамытудың мақсаты-сапасы, халықаралық туристік рынок жағдайында өндіруге, сатуға және бәсекелестікке төтеп беретін өнім өндіруге және сатуға қабілетті, рентабельді туризм индустриясын құру жолымен туризмді экономиканың табысын жоғары салаға айналдыру. Республиканың туристік әлеуетін арттыру, тарихи-мәдени және табиғи-рекреациялық ресурстарды сақтау және ұтымды пайдалану, халықтың барлық жіктерінің туристік ресурстарға қол жеткізуін қамтамасыз ету, туристік қызмет көрсетуге деген сұранысты барынша қанағаттандыру, тұрғындардың жұмыспен қамтылуы ынталандыру, мемлекеттік және жеке құрылымдардың туризм саласындағы өзара бірлескен іс-қимылының тиімділігін арттыру, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту болып табылады [1].

Республикада туризмді дамыту келесідей қағидалардың негізінде жүзеге асырылады:

Халықтар мен мемлекеттер арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықтың ізгілік сипатын, бейбітшілік пен сыйластық, нәсіліне, жынысына, тілі мен дініне қарамастан, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын сақтау, әділеттілік пен егемендік, саяси, экономикалық және әлеуметтік жүйесіне қарамастан, мемлекеттердің ішкі ісіне қол сұқпау, қоршаған ортаға және мәдени игіліктерге ұқыпты қарау, әлеуметтік тепе-теңдік пен даму, жеке адам мен қоғамның игілігін арттыру, туризмді тұрақты дамыту болып табылады.

Алға қойылған мақсаттарды іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу қажет.

Туризм саласындағы мемлекеттік саясатты жандандыру, туристік қызметті реттеу жүйесін жетілдіру, туризм индустриясының құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық негіздерін одан әрі дамыту, туристік рынокты демпингке қарсы және мемлекеттік қолдаудың басқада шараларын қабылдау арқылы қорғау, туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тартымды туристік объект ретінде Қазақстанның беделін қалыптастыру, ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру, туризм саласындағы ғылыми

зерттеулерді тереңдету, туризм саласындағы қызмет көрсетудің статистикалық есебінің методикалық нұсқасын халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

Туристтік объектілерді қайта жаңғырту мен салу үшін отандық және шетелдік инвестицияларды тарту жолымен туризм инфрақұрылымын дамытуды ынталандыру:

Туристтік қызметті стандарттау, сертификаттау мен лицензиялау негізінде туристерге қызмет көрсетудің сапасын арттыру:

Туризм саласындағы кадрларды даярлау мен олардың біліктілігін арттыру жүйесін дамыту:

Туризм саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту:

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету, теріс әлеуметтік туризм саласындағы келеңсіздіктерден арылу.

Іле-Алатау МҰТП-дағы туристік қызметтің субъектілері мен объектілері: туристік қызмет субъектілеріне: туристік операторлар (туроператорлар), туристік агенттер (турагенттер), гидтер (гид-аудармашылар), туризм нұсқаушылары, экскурсоводтар, туристер және олардың бірлестіктері, экскурсанттар, туристік қызмет саласындағы өзге де бірлестіктер жатады.

Туристтік қызмет саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін мемлекеттік органдар жатады. Туристтік қызмет объектілері-табиғи объектілер және табиғи-климаттық аймақтар, көрікті органдар, тарихи және әлеуметтік-мәдени көрсету объектілері және саяхат кезінде туристердің қажеттерін қанағаттандыра алатын өзге де объектілер.

Түрген филиалында балық аулау және әуесқой аңшылық, атты туризм, велотуризм, экологиялық туризм бағыттары бойынша жылдың жазғы маусымында туристер көптеп келеді. Әр адам басынан бақылау өткізгіш пунктінен 371 теңге алынады.

Қыркүйек айының ортасына дейін балық аулау туристік «Форелевое хозяйство» демалыс орнына шақырылады, ол Алматыдан 70 км қашықтықта орналасқан, Түрген өзенінің сағасында орналасқан. Балық аулау жеріне дейін автокөлік жолымен жетуге болады. «Royal fish» қонақ үй комплексі қолданыста. Бұл жердегі шаруашылықта форель балығын аулауға рұқсат етілген.

Іле Алатау Мемлекеттік ұлттық бағының Түрген филиалында жылқымен саяхатқа шығатын туристер Таутүрген, Қаракөмер, Түрген ауылдары өз жылқыларын, сонымен қоса «Стетсен ранчо» жылқы шаруашылықтарының жылқыларын жалға алады. Жылқыларды бағып қағу және жағдай жасау тур базаның қызметкерлеріне жүктелген.

Туризмді дамытудың негізгі бағыттары. Мақсаттары мен міндеттерге сәйкес туристік саланы дамытудың мынадай негізгі бағыттары белгіленген.

Туристтік қызметті мемлекеттік реттеу Бүгінгі таңда атқарушы билік органдары мен туризм саласында әрекет ететін ұйымдардың арасындағы өзара іс-қимылды реттеудегі мемлекеттің рөлін арттыруда.

Көптеген идеялар тұтынушылармен, диллерлермен эксперименттермен және бәсекелестермен әңгіме жүргізіліп идеялық үндеуді құру кезінде үндеудің мәнінің тартымдылығы саналады. Ол тұтынушыға қажет ететін жауапты реакция туғызады. Үндеуге баға беру және вариантын таңдайды. Үндеуге баға беру және вариантын таңдау көбіне мына негізбен жүргізіледі.

Филиалда жарнама берушілер белгілі бір уақытта өзінің жарнамалайтын компаниясымен қанша адам танысу керектігін анықтайды. Мысалы, алғашқы жылы жарнама беруші аудиторияның 70 % қамтып отыр. Жарнаманың жиі шығуы, жарнама беруші белгілі бір уақытта аудитория алдында қанша рет жарнамалау керек екенін анықтап, нақты жарнамалаушыларды таңдайды: тікелей жарнама, процестегі жарнама, печатты жарнамалар, радио, көгілдір экрандағы жарнамалар, сахнадан жарнамалау, сыртқы жарнама, көліктегі жарнамалар, сату орнындағы жарнамалар сөрелер, кішірек фирмалар, арнайы жарнама

ларды қарастырады. Туристтік өнімді тұтынушылардың маркетингті зерттеуі ол талдау процесі. Қызмет көрсетуді алға жылжытумен іске асыруы. Ол тұтынушыға қызмет ету ұйымын бағалауға дұрыс шешім қабылдауға шақыру керек.

2001жылғы 13 маусымда Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы заң қабылданды. Онда республикадағы туристік саланы дамытудың бірінші кезектегі шаралары, туристік қызметті лицензиялау, т.б. мәселелер тұжырымдалды. Қазақстанның табиғи, тарихи, геосаяси орны туристік нысандарды ұтымды пайдалануға мүмкіншілік береді, сонымен қатар экономиканың басты тармақтарының бірі ретінде дамытуды қажет етеді.

Әдебиеттер

- 1 Беркімбай О., Акоев М. Т., Құлманова Г.А Экологиялық туризм. Нур-принт. Алматы-2013 .
- 2 Мельник Е.А. Организация туристской деятельности. – М.: Союз, 2008.
- 3 Менеджмент туризма: Туризм и отраслевые системы. – М.: Финансы и статистика, 2007.
- 4 Менеджмент туризма: Экономика туризма. – М.: Финансы и статистика, 2008.
- 5 Дурович А. Сергеева Т. Бондаренко Г. Организация туризма. – М.: Новое знание, 2008.

Сангулов Е., Абаева Қ.Т., Кожобекова А.Ж.

ТУРИЗМ В ИЛЕ-АЛАТАУСКОМ ГНПП И ЕЕ РАЗВИТИЕ

Аннотация Туризм - это нахождение не по месту постоянного проживания, связанного с отдыхом продолжительностью не более одного года, в туристической, деловой или иных целях.

Туризм - занимает главную роль в мировой экономике. По данным Всемирной туристической организации, туризм - является частью национального дохода, обеспечивает 11 процентов вложений международного инвестиций, и каждого 9-го рабочим местом.

Ключевые слова: туризм, экспорт, рекреация, турист, сафари, рафтинг, орнитологический, треккинг, стандартизация, сертификация, лицензированные.

Sangulov E., Abayeva K.T., Kozhabekova A.Zh.

TOURISM IN THE ILE-ALATAU SNNP AND HER DEVELOPMENT

Annotation Tourism – this being not at the place of the permanent residence related to rest by duration no more than one year, in tourist, business or another aims.

Tourism – occupies a leading role in a world economy. From data of Worldwide tourist organization, туризм- is part of national income, provides 11 percents of investments international investments, and every 9th a working mestome.

Keywords: are tourism, export, recreation, tourist, safari, rafting ornithological, trekking, standardization, certification, licensed.